

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

КГКП «Ұлытау облысы денсаулық сақтау басқармасының Облыстық психикалық денсаулық орталығы» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

Жезқазған қаласы

2025 жыл

Кіріспе бөлік

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі – КГКП «Облыстық психикалық денсаулық орталығының» директорының 2025 жылғы 8 сәуірдегі №7-ө бұйрығы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы», сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, және 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрықпен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» мен басқа да құқықтық актілер.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 15 қыркүйектен 25 қыркүйекке дейін.

Талдау кезеңі: 2025 жылдың үшінші тоқсаны.

Жұмыс тобының құрамы:

- директордың орынбасары – Рощупкина Т.В.;
- кадрлық басқару қызметінің маманы – Балгожинова Ж.Ж.;
- бас бухгалтер – Қапарова Г.Ж.;
- ИА және МЦ бөлімінің меңгерушісі – Дауытбаева А.Р.;
- заңгер – Зыкина Т.А.

1. Ішкі талдау жүргізу барысы

- Кәсіпорын ішінде кадрларды дамыту және ауыстыру бағдарламасының енгізілу барысы зерттелді.
- Тексеру барысында кәсіпорын басшысының бұйрығымен барлық құрылымдық бөлімшелерге жауапты тұлғалар тағайындалғаны анықталды.
- Табель толтырудың дұрыстығы қаралды. Барлық ай күндері қамтылып, ай сайын толық жұмыс уақыты есебі қалыптастырылады.
- Толтырылған табель қызметкерлердің жұмыс жүктемесін және нақты жұмыс уақытының статистикасын шынайы көрсетеді.
- Табельдерді толтыру барысы мониторингтен өтті.
- Табельді жүргізу кезінде артық жұмыс уақытының есебі, төлем көздері, уақытша ауысу немесе қоса атқару мәселелеріне қатысты техникалық сұрақтар анықталып, шешілді.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және заң бұзушылықтарды анықтау

Ішкі нормативтік құжаттар талдауы нәтижесінде:

- әкімшілік-басқарушылық персоналдың өз қалауынша шешім қабылдауына мүмкіндік беретін нормалар анықталған жоқ;

- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер табылған жоқ;
- ақпараттық жүйелерге жалған деректер енгізу фактілері анықталған жоқ;
- мүдделер қақтығысы анықталған жоқ;
- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының пайда болуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

3. Тәуекелдерді басқару жүйесін талдау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына әкелуі мүмкін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы.

Тәуекелдерді басқару – қызмет барысында туындауы мүмкін қолайсыз нәтижелердің ықтималдығын төмендетуге және мүмкін болатын шығындарды азайтуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және іске асыру процесі.

Кәсіпорындағы басқару жүйесі ашық және айқын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайды. Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Мониторинг барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, алдын алу және минимизациялау мақсатында тиімді шаралар қарастырылды.

Кадрларды ротациялау – қызметкерлерді кәсіпорын шегінде белгілі бір міндеттерді орындау үшін ауыстыру арқылы кәсіби деңгейін арттыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тәсілі.

Қорытынды бөлік

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау – сыбайлас жемқорлық фактілері бар дегенді білдірмейді, ол тек тиісті талаптар мен ішкі рәсімдерді бұзу жағдайында осындай тәуекелдердің туындау ықтималдығын көрсетеді.

Талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Жалпы ұсынымдар:

1. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты негізде талдап, мониторинг жүргізу.
2. Барлық құрылымдық бөлімшелерде оқыту семинарларын өткізу.
3. Медициналық қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі нормаларымен таныстыру.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру және азаматтық қоғамның рөлін арттыру.
5. Ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау және алдын алу қағидаттарын ұстану.
6. Қызметкерлер арасында антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу.

Жұмыс тобы:

Директордың орынбасары Рощупкина Т.В	
Бас бухгалтер Қапарова Г.Ж.	
Кадрлық басқару қызметінің маманы Балгожинова Ж.Ж.	
Заңгер– Зыкина Т.А.	